

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысы.

### Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы

*РҚАО-ның ескертпесі!*

*2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі!*

Баспасөз релизі!

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 412 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті одан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетін бөліп шығару жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетін қосу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті болып;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті болып;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері;

4) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар;

5) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің мемлекеттік заңды тұлғалары қайта аталсын.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі осы қаулының 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті осы қаулының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы заңдарына сәйкес Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 152-3), 152-4), 152-5), 152-6), 152-7),152-8) және 152-9) тармақшаларын және ведомстволар функцияларының 20) тармақшасын қоспағанда, 2019 жылғы 19 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 19.03.2019 № 131 қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі    Б. Сағынтаев**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 17 ақпандағы

№ 71 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереже**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.09.2022 № 780 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік):

- 1) азаматтардың денсаулығын сақтау;
- 2) медицина және фармацевтика ғылымы, білім беру және өнеркәсіп;
- 3) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы және оның айналысын бақылау;
- 4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау;
- 5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау;
- 6) тамақ өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздігі;
- 7) биологиялық қауіпсіздік салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.08.2025 № 274 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.11.2025 № 930 қаулысымен.**

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрлері және қазақ тілінде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттік берілсе, Министрліктің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 5-кіреберіс.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

1) мына:

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын бақылау, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік беретін көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз ету;

халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді әрі сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

медицина және фармацевтика өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және мемлекеттік басқару;

2) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.11.2025 № 930 қаулысымен.**

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын құру

;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің және оның ведомстволарының құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын қалыптастыру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ғылыми сүйемелдеуді үйлестіру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомстволарға беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

ведомстволардың, олардың аумақтық органдарының, сондай-ақ Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) денсаулық сақтау саласындағы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, сондай-ақ мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімнің қауіпсіздігі, биологиялық қауіпсіздік салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) денсаулық сақтау, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

3) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, есепке алу және есептілік құжаттаманың нысандарын әзірлеу және бекіту;

4) денсаулық сақтау саласындағы, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми қызмет мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 14.04.2023 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

6) денсаулық сақтау саласында мониторингті жүзеге асыру;

7) медициналық көмекті ұйымдастыруды жүзеге асыру;

8) денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды әзірлеу және бекіту;

8-1) халықты әлеуметтік қорғау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту;

9) саламатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыруды ұйымдастыру;

9-1) саламатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі саясатты қамтамасыз ету;

10) ведомстволық бағынысты ұйымдарда үкіметтік емес ұйымдар үшін, оның ішінде халықтың негізгі топтары үшін азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылуын мониторингтеу және нәтижелерін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

10-1) дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

11) диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану қағидаларын бекіту;

12) медицина және фармацевтика ғылымының, медициналық және фармацевтикалық білім берудің дамуын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және білім беру қызметін үйлестіру;

12-1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

12-2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау қағидаларын келісу;

13) интернатурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту;

14) резидентурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту;

15) денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау қағидаларын бекіту;

16) клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту;

17) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

18) әлемнің жетекші фармакопояларының талаптарын Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады деп тану;

19) денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру тәртібін, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және дар формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы маманданған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын айқындау;

20) денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және университеттік аурухана, интеграцияланған академиялық медициналық орталық, клиникалық базалар туралы ережені және оларға қойылатын талаптарды бекіту;

21) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту;

22) денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіби ғылыми-педагогикалық, медицина және фармацевтика кадрларын, қоғамдық денсаулық мамандарын және өзге де мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

23) ғылыми-медициналық сараптама жүргізу тәртібін айқындау;

24) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу стандарттарын бекіту;

25) клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулерді жүргізу қағидаларын және медициналық бұйымдардың биологиялық әсерін бағалаудың клиникаға дейінгі базаларына қойылатын талаптарды бекіту;

26) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер, тірі организмнен тыс диагностикаға арналған медициналық бұйымдарға клиникалық-зертханалық сынақтар жүргізу қағидаларын, (in vitro) және клиникалық базаларға қойылатын талаптарды бекіту;

27) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

28) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды келісу;

29) Биоэтика жөніндегі орталық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту;

30) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарактандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

31) төтенше жағдайлар кезінде халықтың ауруларының алдын алу және оларды емдеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымдардың дайындығын қамтамасыз ету;

32) денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету тәртібін айқындау;

33) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын бекіту;

34) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмек көрсетудің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

35) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасына бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

36) мемлекеттік резервтің материалдық саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемі бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

37) жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын жеткізу, сақтау және оларды номенклатура өзгерген жағдайларда жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

38) жарты жылдың қорытындысы бойынша – есепті жылдың 15 шілдесіне дейін, жылдың қорытындысы бойынша – есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын есепке алу жөніндегі ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

39) әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесін айқындау;

40) еңбекке уақытша жарамсыздығына сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақты немесе анықтаманы беру тәртібін бекіту;

41) медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

42) жеке тұлғаларды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

43) амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

44) стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

45) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

46) жедел медициналық көмек, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып, көрсету қағидаларын бекіту;

47) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасы Кодексінің 120-бабында белгіленген түрлерге сәйкес медициналық көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

48) медициналық оңалту көрсету тәртібін әзірлеу және бекіту;

49) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопөясын әзірлеу, ресімдеу, келісу, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін айқындау;

50) бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау;

51) пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураны қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

52) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін үйлестіру;

53) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау өткізу тәртібін айқындау;

53-1) кәсіптік стандартқа сәйкес әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау бағдарламасын әзірлеу;

54) медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізуді хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

55) Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды, белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

56) көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарды медициналық қарап-тексеру жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

57) айналасындағыларға қауіп төндіретін ауруы болса, Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, баспана іздеп жүрген адамдарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің тізбесін және көлемін айқындау;

57-1) Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің тізбесін және көлемін айқындау;

57-2) адам саудасының алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

57-3) адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қауіп-қатерлерді бағалауға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды барынша азайту жөнінде ұсыныстар енгізуге қатысу;

57-4) адам саудасының құрбандарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін жіберуге қатысу;

57-5) ішкі істер органдарын адам саудасына байланысты дайындалып жатқан не жасалған, белгілі болған қылмыс фактілері туралы хабардар ету;

57-6) жұртшылықты адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің нәтижелері туралы хабардар ету;

57-7) адам саудасының құрбандарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін ұсыну жөніндегі жұмысты үйлестіру;

57-8) басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп адам саудасының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысу;

58) иондандырушы сәулелену әсеріне ұшыраған адамдардың қаны мен тіндерін алу, сақтау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

59) анатомиялық сый жасау және оны денсаулық сақтау ұйымдарына беру тәртібі мен шарттарын айқындау;

60) денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін әзірлеу және бекіту;

61) қан мен оның компоненттерінің донациясын өтеусіз негізде орындайтын донорларға төленетін төлемдердің тәртібін, өлшемшарттарын және мөлшерін белгілеу;

62) паллиативтік медициналық көмек көрсету стандартын әзірлеу және бекіту;

63) зертханалық диагностика жүргізуді ұйымдастыру стандартын әзірлеу және бекіту;

64) патологиялық-анатомиялық диагностиканы көрсетуді ұйымдастыру стандартын әзірлеу және бекіту;

65) медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілеу;

66) медициналық бұйымдардың оңтайлы техникалық сипаттамаларын және клиникалық-техникалық негіздемесіне сараптамалық бағалауды жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

67) келісімшарттық фракциялау жөніндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

68) орфандық аурулар мен оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың тізбесін қалыптастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

69) алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын әзірлеу және бекіту;

70) орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесін бекіту;

71) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарға және (немесе)

медициналық бұйымдарға арналған шекті бағалар мен үстеме бағаларды қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72) Қазақстан Республикасында медициналық бұйымдарға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

73) шетелдік мамандарды "Назарбаев Университетінде" немесе оның медициналық ұйымдарында, Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының медициналық ұйымдарында, сондай-ақ қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ұлттық және ғылыми орталықтарында, ғылыми-зерттеу институттарында және жоғары медициналық колледждерде аккредиттелген университеттік ауруханалар, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалары базасында және резидентура базасында кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыру үшін жіберу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

74) Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

75) ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейін донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруі және бұл туралы жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету тәртібін айқындау;

76) денсаулық сақтау саласындағы нұсқаулықтарды, алгоритмдер мен регламенттерді әзірлеу және бекіту;

77) денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістемесін әзірлеу және бекіту;

78) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

79) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізу тәртібін айқындау;

80) денсаулық сақтау саласындағы менеджерді сертификаттауды жүргізу қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының қолданылуын растауды және денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу қағидаларын, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын әзірлеу және бекіту;

81) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу;

82) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін қамтамасыз етуге жіберілетін, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсыныс әзірлеу;

82-1) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекті шама шеңберінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын белгілеу;

83) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу (ұстап қалу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және айқындау;

84) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервінің мөлшерін белгілеу;

85) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді әзірлеу және бекіту;

86) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін қалыптастыру;

87) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін айқындау;

87-1) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының комиссиялық сыйақы алуы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

88) бюджеттік жоспарлау жөніндегі және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісу бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бюджет қаражатын жоспарлау және бөлу қағидаларын, медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат бойынша есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

89) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық орнықтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асыру;

90) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін әзірлеу және бекіту;

91) мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

92) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру тәртібін, оның қызметі туралы ережені бекіту;

93) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

94) мемлекеттік монополия және арнайы құқық субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;

95) адам бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар тізбесін белгілеу;

96) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

97) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салада тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру жүргізудің жартыжылдық графиктерін бекіту;

97-1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және әлеуметтік қорғау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қараудың болуын бағалау өлшемшарттарын айқындау;

98) денсаулық сақтау саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттарды бекіту;

99) өз құзыреті шегінде мемлекеттік, оның ішінде электрондық қызметтер көрсету;

100) халық арасында қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

101) консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын құру;

102) денсаулық сақтау саласында ведомстволық статистикалық байқауды қамтамасыз ету;

103) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

104) жастар ұйымдарымен денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

105) денсаулық сақтау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

106) уәкілетті мемлекеттік органдардың, денсаулық сақтау субъектілерінің және денсаулық сақтау, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзге де ұйымдардың жұмысын әдістемелік және ұйымдық үйлестіру;

107) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 1-тармағында аталған адамдардың санаттары бойынша және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден келген Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын және еңбекші көшіп-қонушылар болып табылатын шетелдіктер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері бойынша деректерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ақпараттық жүйесіне одан әрі беру үшін Мемлекеттік корпорацияға ұсынуға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесін әзірлеу;

108) денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оларға Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастыру;

109) ведомстволық медициналық ақпараттық жүйелердің техникалық параметрлерін келісуді, сондай-ақ ведомстволық медициналық қызметтері бар мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстарын күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

110) құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

111) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тамақ өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына және реттелетін салада тексеру жүргізудің жартыжылдық графиктеріне және тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлеу және бекіту;

112) камералдық бақылауды жүзеге асыруға қажетті мәліметтер тізбесін, сондай-ақ оларды кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның ұсыну тәртібін айқындау;

113) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (санитариялық қағидаларды және гигиеналық нормативтерді) бекіту;

114) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;

115) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібін бекіту;

116) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын және олардың орынбасарларын, Министрлікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын, олардың орынбасарларын аттестаттауды жүргізу;

117) шегілетін темекі бұйымдарында, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарда, қорқорға арналған темекіде, қорқор қоспасында, темекі қыздыруға арналған жүйелерде никотин мен шайырлы заттар болуының шекті жол берілетін деңгейлерін айқындау;

118) инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын, иммундаудан кейінгі жайсыз көріністерді тіркеу, есепке алу мен есептілігін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

119) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексерулерді жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

120) тамақ өнімінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекіту;

121) курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытынды беру тәртібін бекіту;

122) тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымы тәртібін бекіту;

123) балалардың тағам өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу тәртібін бекіту;

124) тағамға биологиялық активті қоспалардың қауіпсіздігін ғылыми негізделген растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібін бекіту;

125) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерін бекіту;

126) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және олардың күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асыру;

127) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

128) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

129) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

130) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

131) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

132) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік заңды тұлғалардағы корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі қызметті үйлестіруді және мониторингтеуді жүзеге асыру ;

133) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

134) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарларын келісу;

135) иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты аурулардың тізбесін және себепті байланысты белгілеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

136) ұлттық денсаулық сақтау шоттарының деректерін қалыптастыру және пайдалану тәртібін айқындау;

137) мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының оқушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемін және кезеңділігін әзірлеу және бекіту ;

138) созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын, динамикалық байқау жүргізілетін созылмалы аурулардың тізбесін, байқаудың кезеңділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігін бекіту;

139) Қазақстан Республикасында тіркелмеген және Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға енгізілмеген дәрілік заттар мен тіркелмеген медициналық бұйымдарды нақты пациенттің өмірлік көрсеткіштері бойынша медициналық көмек көрсету не сирек кездесетін (орфандық) аурулары және (немесе) жай-күйлері бар пациенттердің шектеулі контингентіне медициналық көмек көрсету үшін қолдану тәртібін айқындау;

140) мәжбүрлеп емдеуге жіберілген туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету тәртібін айқындау;

141) Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты және уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, босқындарды және пана іздеген адамдарды АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қарау және консультация беру қағидаларын бекіту ;

142) қанды, оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу номенклатурасын, қағидаларын, сондай-ақ қанды, оның компоненттерін құю қағидаларын әзірлеу және бекіту;

143) тіркелімдерді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

144) ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау кезінде тіндердің иммунологиялық үйлесімділігін айқындау қағидаларын, HLA-зертхананың қызметі туралы ережені бекіту;

145) медициналық білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық әріптестікті жүзеге асыру тәртібін айқындау;

146) биоэтика жөніндегі орталық комиссия құру;

147) денсаулық сақтау технологияларына бағалау жүргізу және оларды қолдану тәртібін айқындау;

148) техникалық сынақтарды жүргізу тәртібін айқындау;

- 149) фармацевтикалық инспекцияларды жүргізу тәртібін айқындау;
- 150) қолданудың ықтимал тәуекелі дәрежесіне қарай медициналық бұйымдарды сыныптау қағидаларын бекіту;
- 151) фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу тәртібін айқындау;
- 152) дәрілік препараттардың құрамына кіретін әсер етуші заттарды ескере отырып, оларды рецептісіз және рецепт бойынша босатылатын дәрілік препараттардың санаттарына жатқызу қағидаларын, рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту;
- 153) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту;
- 154) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты, дәрілік заттың жалпы сипаттамасын жасау және ресімдеу тәртібін айқындау;
- 155) темекі бұйымдарын тұтыну мен никотиннің зияны туралы ескертулердің эскиздерін бекіту;
- 156) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру тәртібі мен әдістемесін айқындау;
- 157) бірлесіп ақы төлеуді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 158) халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларды енгізу және іске асыру жөніндегі қызметті салааралық үйлестіру;
- 159) халықаралық медициналық-санитариялық қағидалар бойынша ұлттық үйлестіруші туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 160) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасы тәртібін айқындау;
- 161) дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 162) көрсетілетін қызметтер мен медициналық көрсетілетін қызметтерді берушілер бөлінісінде шығыстар сипатталған талдамалық есепті, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздері туралы ақпаратты қалыптастыру;
- 163) гемопоэздік дің жасушаларын транспланттауды қамтамасыз ету мақсатында гемопоэздік дің жасушалары (сүйек кемігі) донорларының тіркелімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін және гемопоэздік дің жасушалары донорын, оның ішінде халықаралық тіркелімдерден іздеу мен жандандыру және гемопоэздік дің жасушаларын реципиентке дейін тасымалдау тәртібін айқындау;

164) биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды айқындау;

165) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, осы тектестерді заңсыз тұтынатын адамдарды анықтау және есепке қою тәртібін келісу;

166) медициналық куәландыру мен медициналық зерттеп-қарауды жүргізу тәртібін айқындау;

167) азаматтық және қызметтік қарудың, азаматтық пиротехникалық заттар айналысы салаларында рұқсаттар алу үшін медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесін айқындау;

168) үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламасын бітірген азаматтарды дербес клиникалық практикаға жіберу үшін клиникалық мамандықтардың тізбесін бекіту;

169) автомобильдегі алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасындағы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту;

170) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

171) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

172) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

173) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

174) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

175) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

176) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

177) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

178) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

179) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

180) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 253 қаулысымен;

181) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін қалыптастыру;

182) биомедициналық зерттеулердің басым бағыттарын айқындау;

183) денсаулық сақтауды цифрландыру стратегиясын әзірлеу және бекіту;

184) ақылы медициналық қызметтер (көмек) көрсету жөніндегі шарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

185) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

186) ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландырудан өткізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша жазаны өтеуден босатуға негіз болып табылатын аурулардың тізбесін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

187) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін бюджет қаражаты есебінен сатып алу және оларға ақы төлеу тәртібін айқындау;

188) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың үлгі штаттары мен штат нормативтерін әзірлеу және бекіту;

189) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін әзірлеу және бекіту;

190) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен нормативтерін әзірлеу және бекіту;

191) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін жоспарлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

192) медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды есепке алуды жүргізу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алуға құқық беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

193) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

194) жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық пойыздар арқылы медициналық көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

195) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

196) инфекциялық, паразиттік аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту;

197) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

198) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде

фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

199) халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсетудің тізбесін әзірлеу және бекіту;

200) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервін қалыптастыру және пайдалану тәртібін айқындау;

201) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

202) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарға, сондай-ақ медициналық бұйымдарға бағаларды реттеу қағидаларын бекіту;

203) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасына бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

204) дене жаттығуларын жүргізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

205) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды өндірушілердің, импорттаушылардың темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларында никотиннің шекті жол берілетін құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсынуы тәртібін бекіту;

206) тіндер банкінің қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

207) патологиялық-анатомия қызметін және сот-медициналық сараптаманы жүзеге асыратын ұйымдарда трансплантаттау мақсатында мәйіттерден көру ағзаларын алу және консервациялау тәртібін сот-сараптамалық қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

208) ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, консервациялау, сақтау, тасымалдау және ауыстырып салу тәртібі мен шарттарын айқындау;

209) денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту;

210) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым мәртебесін беру және қайта қарау тәртібін, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің нәтижелігіне бағалау жүргізу тәртібін айқындау;

211) қайтыс болған адамның жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілінің талап етуі бойынша патологиялық-анатомиялық ашып қарауды тәуелсіз сарапшының (сарапшылардың) жүргізуі тәртібін айқындау;

212) техникалық сынау жүргізуге аккредиттелген ұйымдарда медициналық бұйымдарды техникалық сынау тәртібін айқындау;

213) қолданылуының ықтимал қаупіне қарай медициналық бұйымдар сапасының менеджменті жүйесін енгізуге, қолдауға және бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес медициналық бұйымдарға инспекция жүргізу тәртібін айқындау;

214) денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алу (кәсіптік тіркелімді жүргізу) тәртібін айқындау;

215) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексін әзірлеу және бекіту;

216) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, ұстап алынған, күзетпен қамауға алынған және арнаулы мекемелерге орналастырылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін медициналық көмектің тізбесі мен көлемін әзірлеу және бекіту;

217) емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

217-1) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын бірыңғай төлемді, бірыңғай төлем бойынша өсімпұлды төлеу, аудару және оларды жеке табыс салығы және әлеуметтік төлемдер (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоспағанда), өсімпұл түрінде бөлу, сондай-ақ оларды қайтару тәртібін келісу;

218) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі техникалық регламенттерді әзірлеу, бекіту, олардың күшін жою, тоқтата тұру, сондай-ақ техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

219) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

220) техникалық реттеу саласындағы сараптамалық кеңестер құру;

221) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дербес медициналық деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды денсаулық сақтау саласындағы басқа да дерекқорлармен байланыстыратын телекоммуникация желілеріне қосу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

222) техникалық реттеу саласындағы сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені бекіту;

223) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

224) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау;

225) сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім жөніндегі зертханаларды құру, жаңғырту және жарактандыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

226) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды қосу немесе алып тастау жөніндегі жұмысқа қатысу;

227) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес тиісті зертханалық практика қағидастарын іске асыру;

228) тиісті зертханалық практика саласындағы нормативтік-әдістемелік базаны әзірлеу (әзірлеуге қатысу);

229) медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

230) инвестициялық жобаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымының жарактандыру жоспарланып отырған денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық бұйымдар құнының есебін қалыптастыру тәртібін айқындау;

231) инвестициялық жобаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау ұйымдарын жарактандыру жоспарланған медициналық бұйымдардың құнын есептеу бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымының қорытындыларын бекіту;

232) кәметке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында күтіп-бағуға және оқытуға кедергі келтіретін аурулардың тізбесін бекіту;

233) кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімін бекіту;

234) медициналық инцидент жағдайларын (оқиғаларын) айқындау, оларды есепке алу және талдау қағидаларын бекіту;

235) денсаулық сақтау саласында құрметті атақтар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

236) көтермелеудің салалық жүйесі қағидаларын бекіту;

237) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгі жүйесін әзірлеу және бекіту;

238) денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері үшін үлгілік штаттар мен штаттық нормативтерді бекіту;

239) денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту;

240) денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту;

241) медициналық бұйымдарға белгіленген шекті бағалар бойынша медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде бірыңғай дистрибьютор сатып алатын медициналық бұйымдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

242) денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасын және олардың қызметі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

243) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландырудан өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

244) клиникалық хаттамаларды әзірлеу және қайта қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

245) "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген төтенше жағдай кезеңінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

246) медициналық ұйымдарда құпия аудит жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

247) денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын әзірлеу және бекіту;

**248) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 01.07.2023 № 537 қаулысымен.**

249) денсаулық сақтау саласындағы халықаралық жобаларды іске асыру;

250) дәрілік заттардың бағаларын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

251) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық мақсаттағы бұйымдарға, бірыңғай дистрибьютормен жасалған ұзақ мерзімді өнім беру шарттары шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын, тірі организмнен тыс ( in vitro) диагностикалауға арналған медициналық бұйымдар бағасын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

252) Кодекстің 26-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарды кәсіптік құзыреттілігі тұрғысынан аттестаттаудан өткізу;

253) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын кәсіптердің, жұмыстар мен мамандықтардың тізбесін әзірлеуге қатысу;

254) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларын бекіту;

255) денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

- 256) тәуекелге бағалау жүргізуге құқығы бар ұйымдар үшін бірыңғай әдіснаманы айқындау және тәуекелге бағалау жүргізу тәртібін айқындау;
- 257) денсаулық сақтаудың кадр ресурстары жөніндегі ұлттық үйлестіруші туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 258) қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды әзірлеу және бекіту;
- 259) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 260) денсаулық сақтау ұйымдарында шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 261) денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен стандарттарын әзірлеу және бекіту;
- 262) денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту;
- 263) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, өздеріне қатысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға жолдама беру қолданылмайтын адамдардағы медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 264) клиникалық хаттамаларды практикалық денсаулық сақтауға енгізу және тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 265) ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке трансплантаттау қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;
- 266) цифрлық денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды, сыныптау жүйелерін, анықтамалықтар мен номенклатураларды әзірлеу және бекіту;
- 267) денсаулық сақтау саласындағы медициналық ақпараттық жүйелерге қойылатын ең төменгі талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 268) қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 269) сырқаттанушылық пен өлімді кодтау жөніндегі нұсқаулықты, халықаралық сыныптауыштарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 270) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту құнын қалыптастыру әдістемесін бекіту;
- 271) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және (

немесе) медициналық бұйымдардың шекті бағалары мен үстеме бағаларын қалыптастыру және бекіту;

272) монополияға қарсы органмен келісу бойынша өндірушінің дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларын, бағалық реттеуге жататын дәрілік заттар тізбесіне енгізілген, бөлшек және көтерме саудада өткізуге арналған дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды әзірлеу және бекіту;

273) кәсіптік аурулардың тізбесін айқындау;

274) бағасы реттелетін дәрілік заттар тізбесіне енгізілген, Қазақстан Республикасында тіркелген және айналыстағы көтерме және бөлшек саудада өткізуге арналған дәрілік заттарға, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар бағасын айқындау;

275) монополияға қарсы органмен келісу бойынша көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін бағалық реттеуге жататын дәрілік заттардың тізбесін бекіту;

276) монополияға қарсы органмен келісу бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымның, сондай-ақ бірыңғай дистрибьютормен жасалған ұзақ мерзімді өнім беру шарты шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын, тірі организмнен тыс (in vitro) диагностикалауға арналған медициналық бұйымның саудалық атауының шекті бағасын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауының немесе медициналық мақсаттағы бұйымның техникалық сипаттамасының шекті бағасын бекіту;

277) уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша әскери қызметтен босатылған, жиырма бес және одан көп жыл еңбек сіңірген адамдарға санаторийлік-курорттық емделу ұсынылатын аурулардың тізбесін бекіту;

278) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

279) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың жобаларын келісу;

280) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйені жүргізу;

281) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алуды, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларын әзірлеу және бекіту;

282) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілерді, ықтимал қауіпті биологиялық объектілерді, патогендігі I және II

топтардағы патогенді биологиялық агенттерді және олармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандарды есепке алудың жүзеге асырылуын мониторингтеу;

283) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-ұстау қағидаларын және оларды қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-ұстауға уәкілетті ұйымдардың тізбесін әзірлеу;

284) биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламаларын келісу;

285) патогенді биологиялық агенттердің патогендігі және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін әзірлеу;

286) патогендігі I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыру үшін мамандардың кадр резервін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

287) биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

288) биологиялық қатерлерді басқару әдістемелерін келісу;

289) биологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

290) биологиялық қатерлерді сыртқы бағалау тиімділігінің мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

291) биологиялық қатерлерді сыртқы бағалау тиімділігінің мониторингі;

292) биологиялық қатерлерді талдау және болжау;

293) биологиялық қауіпсіздік саласындағы нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды келісу;

294) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

295) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес жұртшылықты Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігінің жай-күйі туралы хабардар ету;

296) сауықтыру және ұйымдастырылған демалыс кезеңінде балаларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

297) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

298) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау;

299) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу тәртібін айқындау, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу;

- 300) Ұлттық электрондық денсаулық паспортына және электрондық ақпараттық ресурстарына ұсыну үшін деректердің көлемі мен еселігін айқындау;
- 301) скринингтік зерттеуге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ аталған зерттеулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту;
- 302) медициналық білімі жоқ, оның ішінде тиісті даярлықтан өткен адамдардың медициналық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту;
- 303) Қазақстан Республикасының азаматтарын алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту үшін сертификатталған жаттықтырушыларды даярлауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындау;
- 304) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;
- 305) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық оңалту жүргізуге арналған аурулар тізбесін бекіту;
- 306) екі айдан астам еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулардың тізбесін бекіту;
- 307) міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексеру, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыру қағидаларын бекіту;
- 308) міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді бекіту;
- 309) интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық-санитариялық алғашқы көмек, медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;
- 310) халықтың саламатты өмір салтын қалыптастыру, мүгедектіктің профилактикасы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 311) ауруларды диагностикалау, емдеу және оңалту хаттамаларын айқындау;
- 312) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігін әзірлеу және оның орындалуын жүзеге асыру;
- 313) медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 314) медициналық бұйымдарды техникалық сынау тәртібін айқындау;
- 315) дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;
- 316) мейіргерлік күтімді көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 317) қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну және ақы төлеу тәртібін айқындау;
- 318) зертханалық диагностика жүргізуді ұйымдастыру стандартын әзірлеу және бекіту;

- 319) денсаулық сақтау саласындағы сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін айқындау;
- 320) профилактикалық екпелерді жүргізуге медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесін айқындау;
- 321) денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 322) денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асыру;
- 323) жоспарлы профилактикалық екпелер алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейінің қағидаларын бекіту;
- 323-1) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды, жолданымдарда, хабарларда, үн қосуларда, ұсыныстарда, сұрау салуларда халық көтеретін жүйелі проблемаларды уақытылы және толық қарауды, талдауды, мониторингтеуді және оларды анықтауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;
- 323-2) дәрілік заттарды (вакциналарды) өндіруге байланысты генетикалық ресурстар саласында генетикалық ресурстарға және пайданы бірлесіп пайдалануға қолжетімділікті ұйымдастырады;
- 323-3) генетикалық ресурстарға байланысты өзінің құзыреті және дәстүрлі білімдер шегінде генетикалық ресурстардың пайдаланылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 323-4) дәрілік заттардың (вакциналардың) генетикалық ресурстарына қол жеткізу үшін негізделген қорытынды береді;
- 323-5) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 323-6) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асырады;
- 323-7) адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсерін тигізетін, күшті әсер ететін заттардың тізбесін бекіту;
- 323-8) бірыңғай дистрибьюторды айқындау;
- 323-9) төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа медициналық көмек беру тәртібін, түрлерін және көлемін айқындау;
- 323-10) денсаулық сақтау саласындағы ұлттық операторды, оның функциялары мен өкілеттіктерін айқындау;
- 323-11) денсаулық сақтау саласындағы функционалдық операторды айқындау;

323-12) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды гуманитарлық көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелу жағдайларын айқындау;

323-13) патогенді биологиялық агенттердің патогендігі және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін бекіту;

323-14) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтердің және (немесе) қаражаттың көлемдерін бөлу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

323-15) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері қызметінің индикаторларын есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

323-16) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысаналы жарна бойынша шығыстарды жоспарлау тәртібін белгілеу;

323-17) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысаналы жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру тәртібін белгілеу;

323-18) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жүктелген медициналық сақтандырудың үлгілік шартын бекіту;

323-19) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметке функционалдық талдау жүргізу;

323-20) цифрлық трансформациялауды жүргізу;

323-21) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша адамның тәрбиелеуге бала қабылдап алуына болмайтын аурулар тізбесін белгілеу;

323-22) білім беру, әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарын әзірлеуге қатысу;

323-23) жүктелген медициналық сақтандыру кезіндегі медициналық көмектің ең аз тізбесін айқындау;

323-24) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік

заттарды, медициналық бұйымдарды және арнаулы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындау;

323-25) бірыңғай дистрибьютордың қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде бюджет қаражаты есебінен (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындау;

323-26) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

323-27) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;

323-28) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

323-29) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

323-30) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;

323-31) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-32) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

323-33) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу бойынша тәуелсіз сарапшылар қызметтерін көрсетуге денсаулық сақтау субъектілеріне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

323-34) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-35) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға әкелетін талаптар тізбесін айқындау, сондай-ақ талаптарды нақты бұзуға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оның қолданылу шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін айқындау (қажет болған кезде);

323-36) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-37) мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

323-38) халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларға сәйкес теңіз кемесін санитариялық бақылаудан босату туралы не теңіз кемесінің санитариялық бақылаудан өтуі туралы куәлік беру;

323-39) техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-40) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

323-41) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тәуекелі жоғары, орташа және төмен субъектілердің (объектілердің) тізбесін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту ;

323-42) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер тізбесін бекіту;

323-43) мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

323-44) кәсіптік аурулардың және (немесе) уланудың, оның ішінде жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне байланысты кәсіптік ауруларға және (немесе) улануға күдіктенудің барлық оқиғалары, оның ішінде жұмыс берушімен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін олардың анықталған жері бойынша кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің тіркеуі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-45) кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының кәсіптік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын есепке алуы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мемлекеттік есепке алуы және есептілік жүргізуі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-46) медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту;

323-47) медициналық қызметтер (көмек) көрсету аясында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

323-48) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көзделген денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

323-49) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін өнімнің (тауардың) сынамаларын (үлгілерін) іріктеу тәртібін бекіту;

323-50) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген тізбені әзірлеу;

323-51) медицина қызметкерлерінің толтыруы үшін міндетті құжаттаманың тізбесін әзірлеу және бекіту;

323-52) медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шартын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

323-53) медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

323-54) тәуелсіз сараптама комиссиясы қызметінің тәртібін және медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісінің болуын (болмауын) анықтау жөніндегі ең төменгі талаптарды айқындау;

323-55) медициналық оқыс оқиғаның және сақтандыру жағдайларының басталу фактілерін талдауды медициналық ұйымның ішкі аудиті арқылы жүзеге асыру;

323-56) медициналық оқыс оқиғаның және сақтандыру жағдайларының басталу фактілерін есепке алудың бірыңғай тізілімін қалыптастыру мен жүргізу тәртібін айқындау;

323-57) "Өз кәсібінің үздігі" республикалық конкурсының әрбір аталымдағы жеңімпаздарына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінде біржолғы төлем беру;

323-58) "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

323-59) құзыреті шегінде петицияларды қарау;

323-60) әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықты күш қолдана отырып жасаған адамдарға денсаулық сақтау ұйымдарында психологиялық көмек көрсетудің тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

323-61) техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің (тауардың) тізілімін халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастыру;

323-62) саудалық атаулары бойынша дәрілік заттардың шекті бағаларының сақталуын бақылауды, сондай-ақ рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейінгі, сондай-ақ жіберілген хабарлама бойынша рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

323-63) стратегиялық маңызды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау;

323-64) сарапшы ретінде тартылатын бейінді сарапшыға қойылатын талаптарды бекіту;

323-65) темекі шегудің зияны туралы ескертуді бекіту;

323-66) темекі бұйымдарын тұтынудың және никотиннің зияны туралы ескертулердің эскиздерін бекіту;

323-67) зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламаларын бекіту;

323-68) кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған лицензияны келісу;

323-69) органикалық өнімді өткізу сатысында Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

323-70) органикалық өнім өндірісінде қолданылатын рұқсат етілген құралдар тізімін келісу;

323-71) органикалық өнім өндірісі және айналымы қағидаларын келісу;

323-72) көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

323-73) азаматтарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды босату құқығы берілген лауазымдар мен ұйымдар тізбесін есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

323-74) ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесіне сәйкес айқындалатын ресми статистикалық және өзге де ақпаратты ашық қолжетімді орналастыру арқылы қоғам мен мемлекетті денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету;

323-75) мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен

байланысты мәжбүрлеп емдеуде болған адамдардың психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін демеп емдеуден өту тәртібін айқындау;

323-76) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша зерттеулер, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құнының тәртібін айқындау;

323-77) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік тапсырма құнының тәртібін айқындау;

323-78) заңды тұлғаларға трансферттер бөлу арқылы бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына шығыстарды жоспарлау, бюджет қаражатының пайдалану туралы есептілік жасау тәртібін, оның нысандары мен ұсынылу мерзімдерін, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдаланудың барысы мен нәтижелері туралы берілетін ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

323-79) нысаналы жарнаның пайдаланылуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ нысаналы жарнаны пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

323-80) медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беру ұйымдарының тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

323-81) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды қамтамасыз ету;

323-82) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші ұсынған құжаттарды есепке алу және жүйеге келтіру тәртібін айқындау;

323-83) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде бірыңғай дистрибьютор сатып алатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту;

323-84) бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына арналған шекті бағаларды бекіту;

323-85) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы құқықтық актілерді және есепке алу мен есептік құжаттаманың нысандарын өз құзыреті шегінде бекіту;

323-86) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту;

323-87) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу және аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін бекіту;

323-88) жүкті, босанатын әйелдердің қайтыс болу жағдайлары, сондай-ақ босанған әйелдер босанғаннан кейін күнтізбелік қырық екі күн ішінде қайтыс болған жағдайда, пациенттерге жоспарлы медициналық көмек (медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған көмек, оның ішінде жоғары технологиялық

медициналық көрсетілетін қызметтер) көрсету кезінде олардың кенеттен қайтыс болу жағдайлары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту;

323-89) тәуелсіз сарапшылардың тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылардың бірыңғай тізіліміне енгізу және одан шығару негіздерін бекіту;

323-90) бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыру қағидаларын және оның қызметінің регламентін бекіту;

323-91) өз құзыреті шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы құқықтық актілерді және есепке алу құжаттамасы мен есептік құжаттаманың нысандарын бекіту;

323-92) кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидаларын бекіту;

323-93) медициналық қалдықтар бойынша ақпарат беру қағидаларын бекіту;

323-94) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту;

323-95) эпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесін бекіту;

323-96) халықтың декреттелген тобының адамдарын гигиеналық оқыту қағидаларын бекіту;

323-97) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

323-98) санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту;

323-99) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын, өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тағамдық өнімнің жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту;

323-100) ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, жерасты жұмыстарына еңбек шартын жасасу үшін, сондай-ақ халықтың декреттелген тобына жататын адамды жұмысқа жіберу үшін медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесін бекіту;

323-101) денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

323-102) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын бекіту;

323-103) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданысын қайта бастау, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтату қағидаларын бекіту;

323-104) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

323-105) өз құзыреті шегінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы құқықтық актілерді және есепке алу құжаттамасы мен есептік құжаттаманың нысандарын бекіту;

323-106) тиісті фармацевтикалық практикалардың стандарттарын бекіту;

323-107) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту;

323-108) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында инспекциялауды жүргізу қағидаларын бекіту;

323-109) Қазақстан Республикасының фармацевтикалық инспекторатын қалыптастыру, фармацевтикалық инспекторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

323-110) нарықтан, оның ішінде медициналық ұйымдарда тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріле отырып, сапасы бақылануға жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды іріктеу қағидаларын бекіту;

323-111) Қазақстан Республикасының азаматтарын алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту қағидаларын, сондай-ақ алғашқы көмек көрсетілетін шұғыл және кезек күттірмейтін жағдайлар тізбесін бекіту;

323-112) алғашқы көмек көрсету стандартын бекіту;

323-113) он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулығын сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

323-114) медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын бекіту;

323-115) мәжбүрлеп емдеуде жатқан психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдардың пайдалануы үшін қарқынды байқау жасалатын мамандандырылған үлгідегі мемлекеттік психиатриялық ұйымның қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылатын, жеке және заңды тұлғалардан түсетін ақшалай қаражатты, оның ішінде зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды пайдалану қағидаларын бекіту;

323-116) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидаларын бекіту;

323-117) ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау кезінде тіндердің иммунологиялық үйлесімділігін айқындау қағидаларын және HLA-зертханаларының қызметі туралы ережені бекіту;

323-118) жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту;

323-119) клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту;

323-120) халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесін бекіту;

323-121) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін айқындау, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оның қолданылу шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін айқындау (қажет болған кезде);

323-122) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылатын орфандық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

323-123) тұқым қуалайтын туа біткен ақаулар мен даму ауытқуларын ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулерді айқындау;

323-124) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген профилактика мен диагностика жөнінде қызметтер көрсету кезінде аурулардың тізбесін айқындау;

323-125) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, глаукоманы, қант диабетін, В және С вирустық гепатиттерін және басқаларды ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулерді айқындау;

323-126) әлеуметтік мәні бар аурулар, оның ішінде туберкулезді, АИТВ инфекциясын, қатерлі ісіктерді, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозын, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарды (ауруларды), орфандық ауруларды, жүйке жүйесінің дегенеративті ауруларын, орталық жүйке жүйесінің миелинсіздендіру ауруларын, эпилепсияны, алғашқы алты ай ішіндегі жіті миокард инфарктін, бір жыл ішіндегі инсульттерді қамтитын тізбесін бекіту;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақты 323-127) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 06.11.2025 № 930 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

323-128) қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу үшін өтініш берушілердің өндірісін бағалауға қатысу;

323-129) өз құзыреті шегінде өндіріс шарттарын, өндірістік және технологиялық операцияларды әзірлеуге қатысу;

323-130) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы эпидемиялық мәні бар субъектілердің (объектілердің) тізілімін қалыптастыру тәртібі мен оның нысанын бекіту;

323-131) ерекше бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімінің, ерекше бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеруді тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту, тексеру нәтижелері туралы актілердің, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің мониторинг жүргізу туралы шешімінің, мониторинг нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын бекіту;

323-132) денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қатысты мемлекеттік аттестаттауды жүргізу тәртібін айқындау;

323-133) тәуелділігі (алкогольге, есірткі заттарына, психотроптық заттарға, сол тектестерге, басқа да есеңгірететін заттарға), оның ішінде ойынға тәуелділігі ( лудомания) бар адамдарға медициналық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

323-134) денсаулық сақтау саласында нашақорлықтың, алкоголизмнің және суицидтердің профилактикасы жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды үйлестіру;

323-135) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде денсаулық сақтау саласындағы бірлескен іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

324) Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.12.2022 № 973; 16.03.2023 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2023 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.05.2023 № 361; 16.06.2023 № 483; 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.07.2023 № 537 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) 01.09.2023 № 762 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.07.2024 № 550; 22.07.2024 № 582 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 12.09.2024 № 745 ( 12.12.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 1098; 25.04.2025 № 274; 21.07.2025 № 553; 06.11.2025 № 930 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.03.2026 № 144; 10.04.2026 № 253 қаулыларымен.

**3-тарау. Министрліктің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Министрлікті басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары (бірінші вице-министр, вице-министрлер) болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы саясатты қалыптастырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 3) ведомстволардың құзыретін және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;
- 4) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;
- 6) Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;
- 7) ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- 8) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды;
- 9) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;
- 10) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Министрліктің мүлкі**

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.11.2022 № 913; 08.12.2022 № 997; 28.12.2022 № 1080 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2024 дейін қолданылады); 22.02.2023 № 148; 14.07.2023 № 573; 01.12.2023 № 1075; 24.04.2024 № 320; 22.07.2024 № 582 № 582; 29.10.2024 № 902 қаулыларымен.

1. "Қазақ республикалық лепрозорийі" мемлекеттік мекемесі.
2. "Жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі республикалық психиатриялық аурухана" мемлекеттік мекемесі.
3. "Республикалық арнайы медициналық қамтамасыз ету орталығы" мемлекеттік мекемесі.
4. "Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
